

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Ботақан» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Сарсенбек Гулмира				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	12.06. - 16.06.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Өсімдіктер құнарлығы". Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктер қоректік заттарды топырақтан алатынын, бірақ ол біртіндеп таусылатынын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктердің өсуіне топырақ құнарлығының қажеттілігі жайлы айту. (еңбек дағдылары)	"Біз топ және жатын бөлмелерінің терезе алдын дымқыл матамен сүртеміз". Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс жасау барысында келесі ережелерді сақтауды: жеңді тұру, матаны сулап, қатты сығу, былғанған жағдайда жууға үйрету. (еңбек дағдылары)	"Біз орындықтарды орындарына қоямыз". Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырмаларды жылдам, ұқыпты орындау. (еңбек дағдылары)	"Кітап бұрышындағы еңбек" (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттер балаларды жөндеуді талап ететін кітаптарды таңдауды үйрету, оларды мұқият желімдеу (қайшы мен желімді дұрыс қолдану, майлықты дұрыс пайдалану). Кітаптарды ұқыпты қолдануға, жұмыс істеу біліктілігін, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Өз төсек-орнымызды жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларда өз төсектерін күтіп ұстау біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру; тиянақтылыққа тәрбиелеу, басқаларға көмектесуге ұмтылу; еңбекке баулу; өзіне-өзі қызмет көрсетуге дағдыландыру. (еңбек дағдылары)
	"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер:	"Лото" үстел үсті ойыны (геометриялық пішіндер).	"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттер:	"Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы. Мақсат-міндеттер:	"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны.

балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала бір геометриялық пішінді алып, сол пішінге ұқсас заттар бейнеленген карточкаларды таңдайды. (математика негіздері) "Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы	балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет! Қазақ ауыз әдебиеті. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың	балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндерінді көрейік. Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды. Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су	Мақсат-міндеттер: балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына деген қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға түрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан соң жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бар суреттер тізбегіне қарап, балалар, педагогпен бірге,
--	---	--	---	--

	"Үйшіктер" құрылыс ойындары. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, ақыл-ойын, қиялын, зейіндерін, қамқорлыққа тәрбиелеу. Ойын жабдықтары. (құрастыру) "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Балаларға бірнеше сурет үлгісін ұсынуға болады. (құрастыру)	түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. (математика негіздері) "Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. (сөйлеуді дамыту,	құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад. Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Көркем сөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттер: жылдың төрт мезгілі ретін білуге дағдыландыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.	жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) "Оң қолым мен сол қолым" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың оң мен сол жақты ажырата білу қабілеттерін бекіту; мәтіннің мәніне сай қимылдауға, оң мен сол жақты дұрыс
--	--	---	---	---	--

			қоршаған ортамен таныстыру)	"Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Адымдар" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілдерін дамыту. Екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Екі топтың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі. Әртүрлі	ажыратуға дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Оң қолым менің, қалайсың? (Оң қолды көрсету) Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау) Мен қасық ұстап аламын, (Қасықты ұстағанды көрсету) Әдемі сурет саламын. (Сурет салғанды көрсету) Сол қолым, сен не қалайсың? (Оң қолды көрсету) Жанталасып, не жасайсың? (Қолмен бұраңдау) Мен үзілген нан аламын, (Нанды ұстауды көрсету) Қағаз бетін баса
--	--	--	---	--	--

				тақырыптарды қолдануға болады. Қажет сөзді атап, бір адым жасау керек. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ жеңіске жетеді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	аламын. (Қағазды басып тұрғанды көрсету) Оң мен сол қолдарыммен, (Екі қолды көрсету) Заттарды зерттеймін мен, (Саусақтармен жыбырлату) Мыжғылап, ұстап-сипап, (Жұдырықты ашып-жұму) "Сәлем" деп досқа бұлғап. (Екі қолмен жалауша тәрізді бұлғау) Колдарыммен мен үнемі, (Екі қолды көрсету) Жеңімді бірге түремін. (Жеңдерді түргенді көрсету) Нан илеп, шапалақтап, (Нан илеуді көрсету,
--	--	--	--	---	--

					шапалақтау) Қуанышпенен қостап. (Шапалақтау) Д. Ахметова
Таңертеңгі жаттығу	Кешенді жаттығу Қызыл-жасыл гүл ектік, Баптап, күттік, түрлеттік. Қалмасын деп қуарып, Апта сайын суардық. Гүлдендірдік ауланы, Аулада гүл қаулады. А. Меңжанова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың беті-қолдарын жуғызып таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу. (қоршаған ортамен	"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер:	"Неге солай?" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер:	"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.

	таныстыру, сөйлеуді дамыту) "Дене мүшелері" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою) Бәрі осыдан басталған. Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау) Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары) Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек-кезек екі жаққа	көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Қызғалдақтай саусақтар, Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату) Бір - саусақ, қызғалдақ, Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру) Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру) Қолда бір шок қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау) Шапалақ қақ,	оқиганың, құбылыстың не себептен болғанын тануға, түсіндіруге дағдыландыру; логикалық ойлау қабілетін дамыту. Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау. Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
--	--	---	--	--	---

	сермеу Мынау – сол қолым. Барлық істі басқарған. (Шапалақтап) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	шапалақ. (Шапалақтау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамытудан ойын- жаттығу "Су-тіршілік көзі" Мақсат-міндеттер: Балаларға су туралы айту, судың маңызы мен пайдасын түсіндіру; сөздік қорларын молайту; сөз байлығын, дүниетанымын, ой өрісі мен зейінін дамыту; қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Тұп-тұнық су" Мақсат-міндеттер: Балаларды жетекшінің ауысуымен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету; балаларда жүруді жүгірумен кезектестіру; жұппен түрлі бағытта жүгіру дағдыларын жетілдіру.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Аққу - қаздар" ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға үйрету; ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын молайту; адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	Сурет салудан ойын-жаттығу «Тоғандағы балықтар» Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс тәсілі боялған сабын көпіршіктерінің көмегімен сурет салу техникасымен таныстыру; адам үшін судың маңызы жайлы білімдерін бекіту; шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын,	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу «Сикыршы су» Мақсат-міндеттер: Судың қасиеттері туралы түсінік беру.Балаларды ойларын жеткізе білуге, сөйлемдерді дұрыс құруға, қорытынды жасай білуге үйретуді жалғастыру. Балалардың сөйлеуін, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Тәжірибе арқылы балалардың су туралы білімдерін

				түстерді үйлестіру біліктілігін, қиялдарын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өз бетінше жұмыс істеуге, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Музыкадан ойын-жаттығу "Ата-ананы тыңдаймыз" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл кұйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.	нығайту.Балаларды табиғатқа, суға қамқор болуға тәрбиелеу.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: ыдысқа құйылған суға қарап, оның айнадай мөлдір екеніне көз жеткізу; судың қозғалуын, ағымын, жерге сіңіп, жоғалуын байқатып, өсімдіктердің тамырларына өте қажет екендігін түсіндіру; байқағыштыққа, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Су сұйық, әртүрлі температураға ие болуы мүмкіндігі (ыстық, жылы, суық). Су мөлдір, айна	"Ауа-райын бақылау (бұлтты күн)". (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру) "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен	Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: судың көптеген қасиеттерін зерттеуге деген ынталарды ояту; суды үнемдеп қолдану ережелеріне үйрету; экологиялық білімдерді қалыптастыру. Балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару. Асфальтқа шашыраған су тез кебеді. Неге екенін сұрау. Қыста суды шашыратқаны туралы бейнежазбаны көрсету. Су неге айналатынын, бұл не себептен болатынын сұрау.	Суды бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларға сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екендігіне көз жеткізу; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы. Судың қасиеттеріне көңіл аудару. Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық (тоңазытқыштан мұздар текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су	Кемпірқосақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ - жансыз табиғаттың бөлігі екені жайлы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; спектр түстерін бекіту; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. Бұл күні жаңбыр болмай жатса, кемпірқосақты су бүркеудің нәтижесінде арнайы жасауға болады. Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп
----------------------	--	---	--	---	--

ұқсап заттарды бейнелейді. Суды далада ыдысқа құйып қойып, оның бетіне қараса, көк аспан, бұлттар, өзіміздің де бейнеміз көрінеді. Суға тастарды салса - түбінде жатқан олар айқын көрінетін болады. тіпті балықтарды жіберсе, олар нақытыл көрінеді. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті	секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл суару. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: түскен гүл жапырақтарын тырмамен тазалау. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір	Балалармен суда қандай заттар суға батып жатқанын, қайсысы жүзетінін анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау. Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай	қайнатылғанда). Су күннің көзінде ысыйды. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады. Қыста су қар, мұз күйінде болу мүмкін, ұстаса - өте суық. "Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы. Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.	оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. "Кемпірқосақ". Жаңбыр жауып басылды, Аспан шайдай ашылды. Суретші екен табиғат, Бояуларын дайындап, Түр-түсін дәл тауыпты, Кемпірқосақ салыпты. Ш. Әлдибекұлы. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүл тұқымын жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: жұмысты өз бетінше орындауды дағдысын дамыту.
--	---	---	--	---

бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: құмсалғыштың бетін қоқыс бұталардан тазалау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне	бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар. "Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді.	тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды: - Сәлеметсіз бе! Кім	- Балалар, шайды біз сұйыққа жатқызамыз. Шәйнектен тек шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік. Педагог балаларға шәйнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды. Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад. Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су	"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды
---	--	--	---	---

орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. "Кім мәреге жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгіге дейін қос	Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, олар ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды жүргізушіні ауыстырып, тағы бір рет ойнатуға болады. "Түстерді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтың белгісі бойынша түстерді тауып, белгілі қимылдарды орындауға бейімдеу.	боласыз? "Бояушы": - Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін. "Бояуды сатушы": - Түсі қандай бояуды қалайсыз? Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады: - Бояудың бағысы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет	қолданылады. "Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша	бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар,
---	---	---	--	--

	аяқпен және бір аяқпен секіру техникасын дамыту; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалардың шығарылған материалмен дербес ойын әрекеті. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттер: қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.	қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. "Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті	ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. - Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек? Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс. "Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. Мақсаты:	қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндары" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттер: қызығушылығы
--	---	--	--	---	---

			тануды жаттықтыру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен өз құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балаларды жүйелі шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне орналастыруға, қол жууға үйрету.				
Түскі ас	Үстел үстіндегі түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу,	Велосипед жаттығуы. Аяқ-қолды жоғары көтеріп, кезек-кезек аяқпен сермеу.				

сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықты алдын-алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың мезгілдік табиғат құбылыстары жайлы білімдерін бекіту; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту. Барысы. Педагог барлық жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылысты, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды өз жауаптарын бір	"От, су, аспан, жер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жанды, жансыз табиғат жайлы білімдерін бекіту; алғырлықтарын, қиялдарын, зейіндерін дамыту; ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдық: доп. Барысы. Балалар жарты шеңбер (шеңбер) құрып, қатарда отырады (тұрады). Бірінші кезеңде ойын шартын түсіндіру	Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз". Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту. Барысы. Жүргізуші. 1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.	"Не қалай дыбыстайды?" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір табиғат құбылыстарының дыбысын ажыратуға жетелеу, табиғат үндерін дыбыстық сөйлеу мәдениеті арқылы білдіруді меңгерту; дыбысты есту біліктілігін, дыбыстарды артикуляциялауды, қиялдарын дамыту; зейіндікке, әдептілікке	"Ұстап алда, жылдам айт" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды допты ұстап алуға, аталған түске боялған белгілі заттарды (құбылыстарды, аңдарды, құстарды) тез атау біліктілігін жаттықтыру; зеректілікті, зейіндерін, дүниетанымдарын, түстерді ажырату біліктілігін, дамыту. Керекті құрал-жабдық. Доп. Балалар шеңбер немесе қатар құрып

	сөзбен ғана емес, сондай-ақ не себепті құбылыстың болғанын түсіндіру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана". Мақсат-міндеттер: балалардың асханада жұмыс жасайтын мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.	мақсатында жүргізуші рөлін педагогтың өзі орындауы мүмкін. Жүргізуші допты әр баланың қолына кезек-кезек лақтырады да "от!" немесе "су!", немесе "аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты қағып алған бала, әр белгі сөзіне әрқалай жауап береді. Мысалы, "от" - өздігінен айналу, "су"- балық атауы, суда тіршілік етеді, су асты жануары, "аспан" - құстың атауы немесе , ұша алатын жәндік, "жер" - жануардың, жәндік аты. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді. 3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Хайуанаттар бағы". Мақсат-міндеттер: балалардың хайуанаттар бағы, қамқорлыққа алынған аңдар, хайуанаттар бағында қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар	тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: табиғи құбылыстары дыбыстарының ұнтаспасы. Барысы. Педагог балалардың алдына түрлі жетондар қойып, біреуін тандап алуды ұсынады. Құбылысты таңбамен белгілеп, оны аудиожазбалардың арасынан табу керек. Балалар құбылыстың дыбысы естіліп, таныған бетте, оның үнін артикуляция арқылы білдіруге тырысады. Мысалы, Жел "ш-ш-ш" немесе "у-у-у" - деп соғады. Жаңбыр былай дыбыстайды: " тырс-тырс-тырс", және т.с.. (сөйлеуді дамыту,	отырады (тұрады). Ойынды педагог немесе балалардың бірі жүргізеді . (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын "Цирк". Мақсат-міндеттер: балалардың циркте жұмыс жасайтын көркемөнерпаздар (сайқымазақ, гимнастшы, сиқыршы, жонглер, аңдарды жаттықтырушы) туралы түсініктерін қалыптастыру ; цирк көркемөнерпаздар әртістерінің жұмысын түсіндіру; еңбексүйгіштікке, төзімділікке, әдептілікке, салауатты өмір
--	---	---	---	--	--

	Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері). Барысы. Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) үшін түрлі тағамдар әзірлеу жұмысы жайлы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі	Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана". Мақсат-міндеттер: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет құралдар мен	бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші жайлы түсініктерін, бекіту; хайуанаттар бағында мамандардың қандай рөл ойнайтынын анықтау; еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Хайуанаттар бағы қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы медициналық көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; ойыншықтарға арналған тор пішіндер.	қоршаған ортамен таныстыру) Сюжеттік-рөлді ойын. "Табиғи қорық". Мақсат-міндеттер: балаларға табиғи қорықтар туралы түсінік беру, "Қызыл кітап", қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер жайлы түсініктерін бекіту; орман қызметкерлері орманды, ондағы тіршілік ететін аңдарды қорғауда қандай рөл атқаратының анықтау; еңбексүйгіштікке, аңдарға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.	салтын ұстануға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық құралдар мен модельдер, циркте жұмыс жасайтын әртістерге қажет (доптар, ойыншық аңдар, бас киімдер, таяқтар, спорттық киімдер үлгісі, гимнастикалық сылдырмақтар, костюмдер). Барысы. Оқу қызметінің басында педагог балалармен бірге цирктің (сурет) алатын орны, онда жұмыс жасайтын әртістер жайлы әңгімелеседі; әр әртіспен мамандар қандай құралдарды пайдалатынын,
--	--	--	--	---	---

	уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады. Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып). Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды. Балалар "даяшы",	бұйымдар; ақ халаттар, перчаткалар, жиһаз, сөмкелер, емханаға керек; ойыншық жан-жануарлар мен құстар. Барысы. Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу. Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын,	Барысы. Педагог ойын алдында балалармен бірге хайуанаттар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлемде қорғауға алынған аңдар туралы бейнежазба көрсетеді. Ветеринар дәрігері, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог (жан-жануарлар бойынша маман), герпетолог (қосмекенділер бойынша маман), күтуші сияқты мамандардың қызметінің маңызы, олар қолданатын құралдар жайлы талқылау қажет. Балалар хайуанаттар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді	Керекті құрал-жабдықтар. Табиғи қорық қызметкерлеріне қажет құралдар мен бұйымдар; алғашқы көмек сөмкесі; ойыншық аңдар мен құстар; жасанды орман, бұлақ, тау үлгісі. Барысы. Педагог балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде табиғи қорық жайлы суреттер қарастыру, Қазақстанның табиғи қорықтары жайлы бейнежазба көру. Балалар табиғи қорықта орманшы, аңшы, ағаш кесуші, ветеринар дәрігер сияқты мамандар не істейтінін (орманшы ауру ағаштарды тауып, ағаш кесушіге	олардың жұмыстары қаншалықты қиын екендігін түсіндіреді. Балалар циркте жұмыс жасайтын әртістерге: сайқымазақтар, гимнастшылар, сиқыршылар, жонглерлер, аңдарды жаттықтырушыларға бөлінеді, топтасып, белгілі тапсырмаларды орындайды. Педагог цирк қойылымдары жайлы хабарлайды да, қалған балаларды орындықтарға жайғасуға шақырады. Әр орындаушы өзінің шығуын үлкен құрметпен хабарлайды және өзін қолдап, қошеметтеуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында
--	---	--	--	---	---

"мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, қосымша сұрақтар қояды, балалардың әрекетін белсендету үшін. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рахмет", "өтінемін" сөздерін қолдану, дастархан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану - адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындау	ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау керек. Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында	өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орнын қарап, өз көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сиреп бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті адам сезіну, тірі табиғат тіршілігінің заңдылығын бұзбау, қамқорлық таныту және олардың	шабуға тапсырма береді, ауырған аңдарды байқап, ветеринарға көрсетеді, аңшы саны артқан жыртқыштарды атады); қандай құралдарды қолданатынын талқылау керек. Балалар табиғи қорықта жұмыс жасайтын қандай қызметкерлердің рөлін ойнайтынын өздері таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, белгіленген орынға отырғызып, қозғалтып, қимылға	әртістер көрермендерге бас иітіндерін, ал көрермендер қол шапалақтап, мадақтайтынын айтып қою қажет. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, балалар әрекетінің белсенділігін арттыру үшін қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балармен бірге қорытынды жасайды: әртістің шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында цирк қойылымдары әсерлі және қызықты болады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)
---	--	---	---	---

	негізгі міндеттері. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	тіршілігі үшін қолайлы жағдай туғызу керектігі жайлы айту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	келтіреді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адам тірі табиғаттың тіршілік заңын бұзбау керек, оларға көмектесу және қорғау керек. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	
Балалармен жеке жұмыс	Апта тақырыбына байланысты өлең жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	"Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер: балаларды суретке қарап, сөйлемдер құрастыра білуге баулу; байланыстырып сөйлеуге машықтандыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен	"Су кімге керек?" әңгімелесуі. Мақсат-міндеттер: бүкіл тіршілік үшін судың маңызы жайлы білімдерін кеңейту; балалардың жердегі су ресурстары жайлы түсініктерін нақтылау; суды үнемдеуге, ұқыпты қолдануға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	"Жаз" тақырыбына сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауап талап ету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	"Жаз" мезгіліне байланысты жұмбақтар айту. Жаз мезгілінде болатын табиғат құбылыстарына байланысты жұмбақтар жасыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

		таныстыру)			
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу.	Балалармен "Балабақша ережелері", "Достар арасында өзінді қалай ұстау керек?" тақырыбында әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың бүгінгі әрекеті жайлы әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу.	"Менің достарым" тақырыбында әңгіме.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова